

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын  
сақтау мәселелері бойынша ұйым қызметкерлері үшін тоқсан сайынғы  
түсіндіру және оқыту іс-шараларын өткізу  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

№ 2

30.05.2025 жыл

Өткізу орны: Астана қ., Тәуелсіздік 57, 1 этаж, конференц-зал

Өткізу уақыты: 16:00 сағ

Төрағалық етті: *Кәсіпорын бас директоры*

Қатысқандар: *тізім бойынша*

**КҮН ТӘРТІБІ :**

Астана қаласы әкімдігінің «Astana Venue Management» ЖШС  
жемқорлыққа қарсы іс-шаралар туралы.

**Сөз сөйледі:** Кишляров Н.К. комплаенс-офицер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар шеңберінде қабылданған шаралар туралы қатысушылардың назарына жеткізілді.

Қызметкерлерге мекемеде лауазымдық міндеттерін атқару кезінде өздеріне жүктелген жемқорлыққа қарсы шектеулерді қатаң сақтау туралы тағы да ескертілді.

Осындай шектеулердің бірі, оларды ұсынған адамдардың пайдасына іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақы, сыйлықтарды немесе қызметтерді қабылдау болып табылады.

«Пара» деген терминді, әдетте азаматтар артықшылық алу, қызметті кезектен тыс, тіпті тиісті құжаттарды тексерусіз тез ресімдеу үшін ақша беру деп түсінеді. Алайда материалдық сыйлықтар да (гүл, шоколад т.б.) параға жатады. Пара берушінің жауапкершілігінің мөлшері олардың құнына байланысты болады.

ҚР Әкімшілік кодексінің (ӘҚБтК) 676-бабына сәйкес кез келген сыйлықтар, жеңілдіктер және тіпті қызметтер заңсыз материалдық сыйақы (пара) болып саналады.

Бұл ретте ҚР Қылмыстық кодексінің (ҚК) 367-бабына ескертпеде құны ағымдағы жылға 2 АЕК- 7864 теңгеден аспайтын сыйлықтар қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайтыны атап өтілген.

Бұл ретте ҚР Қылмыстық кодексінің (ҚК) 367-бабына ескертпеде құны ағымдағы жылға 2 АЕК- 7864 теңгеден аспайтын сыйлықтар қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайтыны атап өтілген.

Комплаенс қызметкері қызметкерлерге өз міндеттерін де еске салды:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы ережелерді сақтауға;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлауға;

- мүдделер қақтығысын болдырмау

Ұжым арасында жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру қажеттілігі және ұжымның жемқорлыққа мүлдем төзбеушілігі туралы ақпарат айтылды.

**Жиналыс қортындысы бойынша (Шешім қабылданды) :**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманың талаптарын адал сақтау;

2. Семинар-кеңесте айтылған ақпаратты барлық қызметкерлердің назарына жеткізу.

3. Ұжым арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға белсенді атсалысу;

4. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділікті қамтамасыз ету;

5. Ұжым арасындағы кез келген сыбайлас жемқорлық сипатының көріністері немесе мүдделер қақтығысы туралы дереу хабарлау.

Төрағалық етті  
Бас директор



Д.А.Якупов

Комплаенс-офице

Н.К.Кишляров







